Дата изготовления указана на серийном номере. В соответствии со стандартом изготовителя серийный номер содержит - номер заказа / месяц год изготовления / порядковый номер изделия.

1 ЖАЛПЫ ДЕРЕКТЕР

GALAXY GL2600 қысқа толқынды пеші (ары қарай мәтін бойынша – қысқа толқынды пеш, құрал, электр құралы, бұйым) – кез келген тағамды тез және жеңіл мұзын ерітуге немесе ысытуға мүмкіндік беретін орнын ауыстыруға келмейтін құрал. Көлемі 20 литр камера, 5 қуат деңгейі және 30 минутқа таймер қажетті режимді таңдауға және қолайлы пайдаланумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЕАЭ **Өнім Кедендік одақтың келесі техникалық регламенттеріне сәйкес болады:**

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 16 тамызындағы №768 Шешімімен бекітілген ТР ТС 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне;

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылдың 9 желтоқсанындағы №879 Шешімімен бекітілген ТР ТС 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентіне; Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2019 жылдың 18 қазанындағы №113 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламенті.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бұйымның барлық қызметтік мерзімі ішінде сақтаңыз. Сіз арқылы сатып алынған бұйым осы нұсқаулықтан оның пайдаланылуына әсер етпейтін кейбір ерекшеліктерге ие болуы мүмкін.

2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1 Кесте

| Параметрдің атауы | Мәні |
|--------------------------------------|-------------|
| Номиналды кернеу | 220-240 В ~ |
| Номиналды жиілік | 50 Гц |
| Номиналды тұтыну қуаты | 1080 Вт |
| Шығыстағы қуат | 700 Вт |
| Микротолқындардың жиілігі | 2450 МГц |
| Дыбыстық сигналмен таймер | 1-30 мин |
| Көлемдері (Ш x Г x В), мм | 455*296*262 |
| Пештің ішкі камерасы (Ш x Г x В), мм | 315*296*211 |
| Камераның көлемі | 20 л |
| Қуат беру баусымының ұзындығы | 89 см |

3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

2 Кесте

| Атауы | Саны |
|-------------------------------|--------|
| Қысқа толқынды пеш | 1 дана |
| Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана |
| Тұтынушылық ыдыс | 1 дана |
| Айналушы жайпақ табақ | 1 дана |

4 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Электр құралының қауіпсіз және тұрақты жұмысы на тек келесі шарттарды сақтаған кезде ғана кепілдік беріледі:

ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР. МҰҚИЯТ ОҚЫҢЫЗ ЖӘНЕ АРЫ ҚАРАЙҒЫ ҚОЛДАНУ ҮШІН САҚТАҢЫЗ.

4.1 Бұйымның корпусын және оның жекелей бөліктерін суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға тыйым салынады.

4.2 Бұйымды қуат беру желісіне қосудың алдында желі параметрлерінің осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген мәндерге сәйкес екендіктеріне көз жеткізіп алыңыз.

4.3 Электр құралын желіге қосудың алдында, таймер реттеуіштің 0 («сөндірулі») күйінде екендігіне көз жеткізіңіз.

4.4 Бұйымды желіден ажырату кезінде қуат беру баусымынан емес ашадан ұстау керек.

4.5 Құрал физикалық, сенсорлық немесе ойлау қабілеттері төмендеген немесе оларда өмірлік тәжірибе мен білімдері болмаса, егер олар қарауда болмаса немесе оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар арқылы құралды қолдану жөніндегі нұсқамалық жүргізілмесе, тұлғалармен балаларды қоса алғанда) қолданылуға арналмаған. Балалар құралмен ойнауына жол бермеу үшін қарауда болуы керк. Егер ол тіпті желіден ажыратылған болса да, балалардың бұйымға жанасуларына рұқсат бермеу керек. Жұмыс істеп тұрған бұйымның жанында балалар мен жануарлардың болуына жол бермеңіз.

4.6 Бұйымды осы нұсқаулықта аталғандардан басқа мақсаттар үшін қолданбау керек. Бұйыммен жұмыс істеу, сақтау және күтім жасау осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүргізілуі керек.

4.7 Бұйымды егер жану немесе жарылыс қаупі бар болса, мәселен тез тұтанатын сұйықтықтардың немесе газдардың жанында қолданбаңыз.

4.8 Егер ол қараусыз қалдырылса және тазалаудың алдында құралды әрдайым қуат беруші желіден ажыратып отырыңыз. Сонымен бірге құралды кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда және жұмыс аяқталғаннан кейін желіден ажырату қажет.

4.9 Қуат беру баусымының және бұйымның бүтіндігін қадағалау қажет. Бұйымды бүлінулер болған кезде қолдануға тыйым салынады.

- 4.10 Қуат беру баусымы бүлінген кезде қауіптерге жол бермеу үшін оны дайындаушы немесе оның агенті, немесе аналогтік біліктік тұлға ауыстыруы керек. Қуат беру баусымын ауыстыру қолданыстағы тарифқа сай авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылады.
- 4.11 Бұйымға қате қарау оның бұзылуына, қолданушыға немесе оның мүлкіне зиян тигізуге әкеліп соқтыруы мүмкін.
- 4.12 Бұйымның жұмысы кезінде жерге тұйықталған заттарға жанаспаңыз (мәселен, құбыржолдарға, жылыту радиаторларына, газ плиталарына, тоңазытқышқа).
- 4.13 Желдеткіш саңылаулардың әрдайым таза болуларын қадағалаңыз.
- 4.14 Электр құралын ашық ауада, жылу көздерінің жанында немесе ылғалдылығы жоғары бөлмелерде қолданбаңыз.
- 4.15 Электр құралын орнықсыз беттерге немесе электр құралдарына, мәселен, тоңазытқышқа немесе дастарқан секілді материалдарға орналастырмаңыз.
- 4.16 Электр құралының ішкі бөлігін әрқашан тазалықта ұстаңыз.
- 4.17 Электр құралының ыстық беттеріне жанаспаңыз.
- 4.18 Электр құралымен жиынтықта жеткізілмеген керек-жарақтарды қолдану қауіпсіз болуы және электр құралының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- 4.19 Ішінде дайындалып жатқан немесе дайын өнімдері бар электр құралының орнын ауыстырмаңыз.
- 4.20 Электр құралына көлемі үлкен ыдысты, сонымен бірге өнімдердің үлкен үлестерін орналастырмаңыз. Өнімдер мен ыдыстың жоғарғы және бүйірлік қабырғаларға тиіп кетпеулерін қадағалаңыз, себебі бұл өртке немесе электр тоғымен зақымдалуға әкеліп соқтыруы мүмкін.
- 4.21 Электр құралының бетіне қандай да болмасын заттарды сақтамаңыз.
- 4.22 Электр құралының маңындағы еркін кеңістік әрбір бүйірлік жақтардан, сонымен бірге үстінен ауаның еркін айналымы үшін кем дегенде 15 см құрауы керек.
- 4.23 Электромагниттік АЖЖ – толқындар энергиясының әсерлерінен қорғайтын пештің корпусын шешу өте қауіпті. Корпусты шешумен байланысты пешке қызмет көрсету және жөндеу бойынша кез келген жұмыстарды тек білікті мамандар ғана орындай алады.
- 4.24 Қабықтағы жұмыртқаны және бүтіндей қатырып пісірілген жұмыртқаны қысқа толқынды пештерде ысытпау керек, себебі олар жарылуы мүмкін, тіпті қысқа толқынды қыздыру аяқталғаннан кейін де.
- 4.25 Пешті тұрақты тазалап отыру, сонымен бірге одан тағамның қалдықтарын кетіріп отыру қажет. Егер пеште тазалықты сақтамаса, беттің бүлінуі орын алуы мүмкін, бұл құрылғының қызметтік мерзімінің қысқаруына, сонымен бірге қауіпті оқиғалардың туындауына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- 4.26 Аталған құрылғы трейлерлерде, фургондарда және осындай көлік құралдарында орнатуға арналмаған.
- 4.27 Сұйықтықтарды немесе басқа да өнімдерді қымталған жабық контейнерлерде қыздыруға болмайды, себебі олар жарылулары мүмкін.
- 4.28 Электр құралын су ағысымен тазалауға рұқсат етілмейді.
- 4.29 Қысқа толқынды пеш тек автономды орнатуға ғана арналған, оны шкафаға орналастыруға болмайды.

- 4.30 Қолдану кезінде құрылғы қызады. Сақ болыңыз, пештің ішіндегі қыздырғыш элементтермен жанасудан аулақ болыңыз. Құралдың сыртқы бөліктері қолдану кезінде қатты қызуы мүмкін.
- 4.31 Құрылғыны жылу көздерінің, жеңіл тұтанушы материалдардың жанына, ылғалдылығы немесе шаңы жоғары бөлмелерде, оған тікелей күн сәулелері мен судың әсері тиетін орындарда, сонымен бірге тұрмыстық газдың кемуі ықтимал болатын аймақтарда және тегіс емес беттерге орнатпаңыз.
- 4.32 Құрылғыға жергілікті және мемлекеттік ережелерге сәйкес дұрыс жерге тұйықтауды талап етеді.
- 4.33 Егер құрылғының ішіне су немесе басқа бөгде зат кіріп кетсе, қуат беру баусымының ашасын ажыратыңыз және жақын маңдағы сервистік орталыққа жүгініңіз.
- 4.34 Құрылғы артық физикалық әсерге және соққыларға ұшырамауы керек.
- 4.35 Құрылғыны тазалау үшін бензолды, еріткішті, спиртті, бутазартқышты немесе жоғары қысымды тазартқышты қолданбаңыз.
- 4.36 Желілік сым ашасының резеткіге сенімді қосылғандығына көз жеткізіңіз. Ұялары бірнеше жалғастырғыш тетікті, ұзартқышты немесе электр түрлендіргішті қолданбаңыз. Желілік сымды металл заттарға ілмеңіз, желілік сымды заттардың арасына қоймаңыз және оны пештің артына жүргізбеңіз.
- 4.37 Пешке және пештің ішіне және есікшесіне бөгде заттарды қоймаңыз.
- 4.38 Ұшқыш заттарды, мәселен, инсектицидтерді, пештің бетіне бүрікпеңіз.
- 4.39 Қысқа толқынды пеште ішімдіктері бар ыдыстарды қыздыру баяу қарқынды қайнауға әкеліп соқтыруы мүмкін, сондықтан мұндай ыдыстарды пайдалану кезінде сақтық шараларын қабылдау қажет. Мұндай жағдайды болдырмау үшін МІНДЕТТІ ТҮРДЕ пештің температурасы қоршаған ортамен теңесуі үшін оны сөндіргеннен кейін кем дегенде 20 секундтай пешті суытыңыз. Күйіп қалуды болдырмау үшін тамақтандыруға арналған балалар бөтелкелерінің және балалар тағамы құтыларының ішіндегілер араластырылған және шайқалған, ал өнімнің температурасы қолдану алдында тексерілген болуы керек.
- 4.40 Жайпақ табақты дайындағаннан кейін бірден суға салмаңыз, бұл бұзылуға немесе бүлінуге әкеліп соқтыруы мүмкін.
- 4.41 Қысқа толқынды пешке жарайтын ыдысты ғана қолданыңыз. Металл контейнерлерін, алтынмен немесе күміспен өңделген асхана ыдысын, іспараны, шанышқыны және т.б. қолданбаңыз.
- 4.42 Пештің жанында орналасқан басқа да электр құралдарын резеткіге қосу кезінде сақ болыңыз.
- 4.43 Қысқа толқынды пештерде қолдануға жарамды керек-жарақтарды ғана қолданыңыз.
- 4.44 Тағам өнімдерін пластик немесе қағаз контейнерлерінде қыздыру кезінде олардың жанулары мүмкін болатындықтан пешті қадағалап отырыңыз. Түтік пайда болған кезде құралды сөндіру немесе қуат беруден ажырату және жалынның ауа жетіспеушілігінен өшуі үшін есікшені ашпау керек.

4.45 Қысқа толқынды пеш тағам өнімдері мен ішімдіктерді ысытуға арналған. Тағам өнімдерін немесе киімдерді кептіру және кілемшелерді, тәпішкелерді, ысқыштарды, дымқыл киімдерді және осындай заттарды қыздыру жарақат

алуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.46 Қуат беру баусымын қызу көзінен, майдан және өткір заттардан алыс ұстаңыз.

4.47 Бұйыммен жиынтықта жеткізілмеген керек-жарақтарды қолдану қауіпті болуы және бұйымның істен шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін.


4.48 Құрал суға түсіп кеткен жағдайда ашаны электр розеткіден шығарумен оны тез арада электр желісінен ажыратыңыз. Бұл ретте ешбір жағдайда суға қолдарыңызды салмаңыз. Құралды одан әрі қолдану мәселесі бойынша авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тек тұрмыстық қолданылуға ғана арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аталған пайдалану жөніндегі нұсқаулық барлық мүмкін болатын оқыс жағдайларды қарастыра алмайды. Қолданушыға электр құралымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы шараларын өздігінен сақтауы керек болады!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр құралын алкогольдік немесе есірткілік масаю шарттарында, немесе ақиқатты объективті қабылдауға кедергі жасаушы басқа да шарттарда қолданбау керек, және құралды осындай күйдегі немесе шарттардағы адамдарға сеніп тапсырмау керек!

5 ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫНЫҢ АТҚАРЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



1. Есікше
2. Есікшенің ілмектері
3. Аунақшалы қойғыш
4. Айналушы жайпақ табақ
5. Таймерді реттеуіш
6. Дайындау қуатын реттеуіш
7. Есікшені ашу батырмасы

6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

6.1 Электромагниттік сәулеленудің ықтимал әсерлерін болдырмауға арналған сақтық шаралары

6.1.1 Ешбір жағдайларда пешті есікшесі ашық кезде іске қоспау, бұғаттаушы бекіткіштерді сындырмау немесе бұғаттаушы бекіткіштерге арналған саңылауларға қандай да болмасын заттарды қоймау керек.

6.1.2 Есікше мен пештің алдыңғы панелінің арасына бөгде заттардың тиюлерін, сонымен қатар нығыздаушы беттерде тағам бөліктерінің жиналуын немесе тазартқыш құралдың тұнуын болдырмаңыз. Пешті қолданудан кейін есікшені және тығыздағыш беттерді алдымен дымқыл, сосын құрғақ жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

6.1.3 Ақаулы пешті қолданбаңыз. Құралды пайдалану тек қысқа толқынды пештерге қызмет көрсету жөніндегі білікті мамандар арқылы жөндеу жүргізуден кейін ғана мүмкін болады.

ЕСКЕРТУ! Егер есікше немесе есікшенің тығыздағышы бүлінген болса, пешті білікті маман арқылы жөнделгенше дейін іске қосуға болмайды!

6.1.4 Бұл қысқа толқынды пеш тағамды ысытуға арналған. Және үйде қолдануға ғана жарайды. Өндіруші құрылғыны қате қолданудың нәтижесінде алынған зиян үшін жауапты болмайды.

ЕСКЕРТУ! Білікті маманнан басқа кез келген тұлғаға оны қысқа толқынды энергияның әсерінен қорғайтын қақпақты алып тастауға байланысты қызмет көрсету немесе жөндеу бойынша қандай да әрекеттерді орындау қауіпті болады!

ЕСКЕРТУ! Сұйықтықтарды және басқа да тағам өнімдерін қымталған ыдыстарда қыздыруға болмайды, өйткені олар жарылуы мүмкін!

6.2 Қысқа толқынды пеш үшін ыдысты таңдау

Біз қысқа толқынды пеш үшін ыдысты таңдау кезінде ерекше мұқияттылықты сақтауымыз керек. Егер ыдыс «Қысқа толқынды пеш үшін қауіпсіз» таңбасына ие болса, оны қолдануға болады.

3 Кесте

| Материал | Маңызды ақпарат |
|---|--|
| Қағаз / Пластик | <ul style="list-style-type: none"> • Өнімдерді пластик немесе қағаз қаптамаларында жылыту кезінде процесті қадағалау керек, себебі қызып кету кезінде пластик немесе қағаз жануы мүмкін. • Қағазда «Қысқа толқынды пештерде қолдану кезінде қауіпсіз» арнайы жапсырмасы бар жағдайларды санамағанда, пешке қайталама шикізаттан қайталама циклдегі қағазбен қапталған (мәселен, орама қағазға немесе қағаз орамалға) өнімдерді орналастырмаңыз, өйткені қаптама пештің жұмысы кезінде ұшқындауды және/немесе жануды шақырушы қоспалардан тұруы мүмкін. • Өнімдерді пешке жүктеудің алдында қаптамада болулары мүмкін барлық сымдық түйреуіштерді алып тастаңыз. |
| Ыдыс / Қақтама | <ul style="list-style-type: none"> • Өнімдерді жабық консервілік банкаларда немесе тығындалған бөтелкелерде жылытуға рұқсат етілмейді, себебі олар жарылуы мүмкін. • Металл ыдысты немесе жиегі металл ыдысты қолдануға болмайды, себебі бұл ұшқындауды шақырады. • Егер Сіз алюминий қақтаманы ұшқындауды болдырмау үшін пештің қабырғалары мен есікшесіне дейін кем дегенде 2 см қашықтықты қамтамасыз етіңіз. Егер қақтама пештің қабырғасына тым жақын орналасса немесе егер тым көп қақтамалар қолданылса электр доғасы пайда болуы мүмкін. |
| Тамақтандыруға арналған бөтелкелер / Шыны құтылардағы балалар тағамы | <ul style="list-style-type: none"> • Тамақтандыруға арналған бөтелкелерді және балалар тағамымен құтыларды пешке қақпақтарсыз және емізкіктерсіз орналасытыру керек. • Ішіндегілерді мезгіл-мезгіл қағып-соғып отыру қажет. • Тамақтандыру алдында ішіндегілердің температурасын күйіктерге жол бермеу үшін тексеріп алу қажет. |
| Фарфор және балшық бұйымдар | <ul style="list-style-type: none"> • Фарфор, керамика, әшекейлі керамика және қытай фарфоры әдетте егер оларда металмен өңдеулер болмаса жарамды болады. |
| Полистирол кішкентай стақандар және контейнерлер | <ul style="list-style-type: none"> • Тағамды ысыту кезінде қолданыла алады. • Қызып кету полистиролдың еруіне әкеліп соқтыруы мүмкін. |
| Шыны ыдыс | <ul style="list-style-type: none"> • Қақталған шыныдан жасалған ыдыс. Егер металмен өңделмеген болса қолданыла алады. • Жұқа шыны ыдыс. Тағамдарды және сұйықтықтарды жылыту үшін қолданыла алады. Жіңішке шыны қатты қызып кету кезінде сынуы немесе жарылуы мүмкін. • Шыны құтылар. Қақпақты шешу керек. Жылытуға ғана жарамды болады. |
| Пластмассалы контейнерлер | <ul style="list-style-type: none"> • Егер ол қызуға төзімді пластик болса, қолданыла алады. • Пластиктің басқа түрлері жоғары температурадан деформацияланулары немесе түссізденулері мүмкін. • Меломинді пластикті қолданбаңыз. |

| | |
|---|--|
| Жабын қабық | <ul style="list-style-type: none"> • Ылғалды ұстау үшін қолданыла алады. • Тағамға тимеуі керек. Қабықты шешу кезінде сақ болыңыз, себебі ыстық бұмен күйіп қалу мүмкіндігі болады. |
| Мұздатуға арналған пакеттер | <ul style="list-style-type: none"> • Егер тек оларды қайнатуға болатын, немесе олар пеште қолдануға жарамды болса. • Герметикалық тығындалған болмаулары керек. Қажет болған жағдайда оларды шанышқымен тесіңіз. |
| Парафинделген немесе май өткізбейтін қағаз | <ul style="list-style-type: none"> • Ылғалды ұстау және шашырауды ескерту үшін қолданыла алады. |

6.3 Қысқа толқынды пешті орнату

6.3.1 Пештен қаптаушы материалды толықтай алып тастаңыз. Қысқа толқынды пешті бірінші рет қолданудың алдында пештің ішкі компоненттерін және есіктің тығыздауышын дымқыл матамен сүртіңіз.

6.3.2 Ешбір жағдайда пешті келесідей бүлінулер бар кезде іске қоспаңыз:

- бүлінген немесе тығыз жабылмаған есік;
- есіктің беттерінде майысулар немесе ойықтар бар;

- тағам дайындауға арналған камераның беттерінде майысулардың болуы.

6.3.3 Пешті оның салмағына шыдай алатын көлденең бетке орналастыру керек. Пешті тегіс орнықты бетке еденнен 85 см төмен емес биіктікте орнатыңыз.

6.3.4 Пешті жоғары температура мен бу көздерінің маңына орнатпаңыз. Пеш корпусының жоғарғы қақпағына бөгде заттарды қоймаңыз.

6.3.5 Қысқа толқынды пешті электр немесе газ плиткасының жанына орналастырмаңыз. Аяқшаларының шешілуіне жол бермеңіз. Аталған пеш тек тұрмыстық қолдануға ғана арналған. Оны бөлмеден тыс жерде қолданбаңыз.

6.3.6 Қысқа толқынды пешті ауа ылғалдылығы жоғары кезде қолдану ұсынылмайды.

6.3.7 Желілік сым үстелдің сыртқы бетіне жанаспауы керек. Оның ыстық бетке тиіп кетуіне жол бермеңіз. Желілік сым үстелдің жиегінен салбырамауы керек. Пештің өзін, желілік сымды немесе оның ашасын суға салмаңыз.

6.3.8 Қысқа толқынды пештің желдеткіш саңылауларын жаппаңыз. Егер жұмыс уақытында олар жабық болса, бұл құрылғының қызып кетуіне немесе бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

6.3.9 Жақсы желдетумен қамтамасыз ету үшін пешті бүйірлік қабырғадан 15 см, артқы қабырғадан 10 см және үстіңгі қабырғадан 30 см қашықтықта орнатыңыз.

HAЗAP AУДАPЫҢЫЗ! Аталған бұйым жерге тұйықталған болуы керек. Аталған пеш 250 В, 8 А кіріктірілген сақтандырғышымен жабдықталған.

6.3.10 Аунақшалы қойғышты және айналушы жайпақ табақты орнатыңыз. Аунақшалы қойғыштың еркін айналатындығын тексеріңіз. Пешті қуат беру баусымының ашасына еркін қолжетімділік болатындай етіп орналастыру керек, кез келген қолданылушы ұзартқыш пешке қоса берілетін қуат беру баусымы секілді стандартқа сәйкес болуы керек.

7 ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

7.1 Электр құралын пайдалану

7.1.1 Пеште бүлінулердің жоқтығына көз жеткізіп алып, ашаны желіге қосыңыз.





7.1.2 Өнімдерді қысқа толқынды пеште қолдануға жарайтын ыдысқа салыңыз. Пештің есікшесін ашыңыз, шыны жайпақ табаққа ішінде өнімдер бар ыдысты қойыңыз. Есікшені тығыздап жабыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пеш жұмысын автоматты түрде тоқтататындықтан Сіз пеш жұмыс істеп тұрған кезде есікшені аша аласыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пешті қараусыз қалдырудың алдында берілгендайындау параметрлерін тексеріп алу қажет.

7.1.3 Қуатты реттеуіштің көмегімен қажетті қуат деңгейін таңдаңыз.

4 Кесте

| Таңба | Мән |
|---|--|
|  | Жылыту/ Толық қуаттың шамамен 20%-ы |
|  | Мұзды еріту/ Толық қуаттың шамамен 40%-ы |
|  | Толық қуаттың шамамен 60%-ы |
|  | Толық қуаттың шамамен 80%-ы |
|  | Толық қуат |

7.1.4 Таймерді реттеуіштің көмегімен дайындау уақытын орнатыңыз. Нәтижесі: Пеште жарық жанады, және жайпақ табақ айнала бастайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Еш жағдайда егер онда өнімдер болмаса қысқа толқынды пешті іске қоспаңыз.

7.1.5 Егер 5 минуттан кем уақытты орнату қажет болса, таймерді реттеуішті 5 белгісіне дейін, содан кейін қажетті уақытты таңдауға дейін артқа бұраңыз. Пештің жұмысын тағамның жай-күйін тексеру үшін кез келген сәтте тоқтатуға болады.

7.1.6 Уақытша тоқтату үшін есікшені ашыңыз. Жұмысты жалғастыру үшін есікшені жабыңыз. Толықтай тоқтату үшін таймерді реттеуішті «0» күйіне орнату қажет.

7.2 Өнімдерді мұздан жібіту

7.2.1 Мұздан жібіту атқарымы етті, тауықты немесе балықты мұздан жібітуге мүмкіндік береді. Алдымен мұздатылған өнімді айналушы жайпақ табақтың ортасына орналастырыңыз және есікшені жабыңыз.

7.2.2 Дайындау қуатын реттеуішті мұздан жібіту белгісіне дейін бұраңыз.
7.2.3 Таймерді реттеуіштің көмегімен өнімнің салмағына сәйкес дайындау уақытын таңдаңыз. Қысқа толқынды пештерге жарайтын ыдысты ғана қолданыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Картоп, жұмыртқаның сарыуызы немесе сосискилер секілді ұсақ тесікті қабықтары бар өнімдерді олардың жарылып кетпеуі үшін алдын-ала тесіп алу ұсынылады.

7.3 Етке арналған термометр

Еттің немесе тауықтың дайындалу деңгейін анықтау үшін Сіз етке арналған термометрді қолдана аласыз. Ол үшін тағамды пештен алдын-ала шығару қажет. Дайындау кезінде пештің ішіндегі ет үшін әдеттегі термометрді қолданбаңыз, бұл ұшқындауды шақыруы мүмкін.

7.4 Сұйықтықтар

Қысқа толқынды пеште сұйықтықтарды мәселен, көжені, тұздықтарды немесе ішімдіктерді жылыту кезінде олардың қайнауы көзге көрінуші көпіршіктерсіз орын алуы мүмкін. Нәтижесінде қайнаушы сұйықтық ыдыстан шайқалып төгілуі мүмкін. Осыны болдырмау үшін келесі ережелерді сақтаңыз:

- Жақтары тік және мойны тар ыдыстарды қолданбаңыз.
- Сұйықтықтардың қызып кетулерін болдырмаңыз.
- Сұйықтықты екі рет араластырыңыз: бірінші рет сұйықтығы бар ыдысты пешке орналастырудың алдында және екінші рет – дайындауға бөлінген уақыттың жартысы өткеннен кейін.
- Жылытудан кейін сұйықтықты біраз уақытқа пеште қалдырыңыз, содан кейін араластырыңыз және ыдысты пештен алып шығыңыз. Егер есікше жабық болса, пешті іске қосу мүмкін болмайды.

7.5 Дайындау кезінде жабу

Тағамды әр түрлі жабуға болады: қысқа толқынды пеште қолдануға жарамды керамикалық тәрелкемен, пластмассалы қақпақпен немесе пластик қабықпен.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қысқа толқынды пештің жұмысы кезінде радио және телевизиялық қабылдағыштардың жұмысында кедергілер пайда болуы мүмкін. Мұндай кедергілер бұлғауыштар, шаңсорғыштар, фендер және т.б. секілді шағын электр құралдардың жұмысы кезінде де пайда болады. Бұл қысқа толқынды пештің қалыпты емес екенін білдірмейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ішкі жарықтандыру шамы тек техникалық маманмен ғана ауыстырылуы керек. Құрылғының корпусын өздігіңізден бөлшектеуге ТЫРЫСПАҢЫЗ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Өнімдерді пешке жүктеудің алдында қаптамада болуы мүмкін барлық металл сымды қыстырғыштарды алып тастаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер өнімнің жануы орын алса, есікшені ашпай пешті сөндіру және желелік сымды резеткіден ажырату қажет.

8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

8.1 Пешті тазалаудың алдында оны сөндіріңіз және суытып алыңыз.

8.2 Майдың және өнімдер түйірлерінің жиналуын болдырмау үшін қысқа толқынды пештің келесідей бөлшектерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- ішкі және сыртқы беттер;
- есікше және есікшені тығыздағыштар;
- айналушы жайпақ табақ және аунақшалы қойғыш.

8.3 Сыртқы беттерді тазалау үшін жұмсақ матаны және жылы сабынды суды қолданыңыз. Жуыңыз және құрғатып сүртіңіз.

8.4 Егер тағамның түйірлері немесе сұйықтықтардың шашырандылары пештің қабырғаларына жұғып қалса, оларды жұмсақ майлықпен сүртіңіз. Қатты ластанулар кезінде жұмсақ тазартқыш құралды қолдануға болады. Күшті жуғыш құралды немесе қажақты препараттарды қолдану ұсынылмайды.

Пештің ішкі беттерін жұмсақ матамен сүрту керек.

8.5 Құрылғының ішкі бөлшектерінің бүлінулеріне жол бермеу үшін желдеткіш саңылаулардың ішіне сұйықтықтардың кіріп кетулеріне жол берілмейді.

8.6 Өнімдердің қатып қалған бөлшектерін жұмсарту және иістерді кетіру үшін пештің айналушы қойғышына сұйылтылған лимон шырынымен тостағанды қойыңыз және пешті толық қуатта іске қосып, оны он минуттай қыздырыңыз.

8.7 Пештің жұмысы кезінде шудың пайда болуын болдырмау үшін аунақшалы бағыттаушыны және пеш камерасының түбін ластанулардан тұрақты тазалап отырыңыз. Аунақшалы бағыттаушы әрдайым шыны жайпақ табақпен бірге қолданылуы керек.

8.8 Есікшені тығыздағыштарды тазалау кезінде ерекше сақ болыңыз және оларда өнімдер бөлшектерінің жинақталмауын және есікшені дұрыс жабуға кедергі жасамайтындығын қадағалаңыз. Әрбір қолданудан кейін ішкі камераны жұмсақ тазартқыш құралдың ерітіндісін қолдана отырып, тазалап отырыңыз, бірақ алдымен пештің ішкі камерасының қабырғаларын күйіп қалуды болдырмау үшін суытып алыңыз.

8.9 Басқару панеліне сұйықтықтардың кіріп кетулерін болдырмаңыз. Басқару панелін тазалау кезінде жұмсақ майлықты қолданыңыз, күшті жуғыш құралдарды, қажақты материалдарды немесе тазартқыш аэрозольдерді қолданбаңыз. Басқару панелін тазалау кезінде пештің есікшесін пештің кездейсоқ іске қосылуын болдырмау үшін ашық қалдырыңыз.

8.10 Егер ішкі беттерде немесе есікшенің сыртқы жиектерінің айналасында ылғал жинақталса, оны жұмсақ майлықпен сүртіңіз. Бұл қысқа толқынды пешті жоғарғы ылғалдылық шарттарында пайдалану кезінде пайда болуы мүмкін және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.

ТАЗАРТҚЫШ ҚҰРАЛДЫ ТІКелей КАМЕРАНЫҢ ІШІНЕ БҮРІКПЕҢІЗ!

8.11 Тазалау үшін бутазартқышты қолдануға болмайды.

8.12 Пешті тұрақты тазалап отыру керек, кез келген тағамдық өнімдердің қалдықтарын алып тастау.

8.13 Пешті өз уақытында тазаламау беттің бүлінуіне, құралдың қызметтік мерзімінің қысқаруына, сонымен бірге қауіптерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

9 САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

Құралды желдетілетін жабық бөлмеде, балаларға қолжетімді емес орында, 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында және 80%-ға дейінгі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы шарттарында сақтау керек. Бүлінулерге жол бермеу үшін құрылғыны тек зауыттық қаптамада ғана тасымалдау керек болады. Тасымалдаудан немесе құрылғыны төмендетілген температурада сақтаудан кейін оны бөлме температурасында кем дегенде екі сағаттай ұстау қажет.

Өнімді тасымалдау, тиеу, арту және сақтау кезінде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта мазмұндалғандардан басқа да келесі талаптарды басшылыққа алу керек болады:

- өнімді оның бүлінуіне және/немесе оның қаптамасының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін елеулі механикалық жүктемелерге ұшыратуға тыйым салынады;

- өнімнің қаптамасына судың және басқа да сұйықтықтардың тиіп кетулерін болдырмау қажет. Бұрын пайдалануда болған өнімді тасымалдаудың немесе теріс температурада сақтауға берудің алдында өнімде судың жоқтығына көз жеткізіп алу қажет. Бұйымның барлық беттері құрғақ болулары керек. Құралды температураның елеулі өзгерулерінен және тура күн сәулелерінің әсерлерінен сақтаңыз.

9.1 Кәдеге жарату



Бұйымды қате кәдеге жарату қоршаған ортаға орны толғысыз зиян келтіреді. Ақаулы бұйымды сонымен бірге пайдаланылған қуат беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Осы мақсаттар үшін мамандандырылған кәдеге жарату орталығына жүгініңіз. Сіз тұрмыстық бұйымдарды, жабдықтарды және пайдаланылған қуат беру элементтерін қайта өңдеуге қабылдаушы бекеттердің мекен-жайларын Сіздергі елді мекендегі муниципалдық қызметтен ала аласыз.

10 ҚЫЗМЕТТІК МЕРЗІМІ

Аталған бұйым осы нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптарды сақтау кезінде кем дегенде 3 жыл жұмыс істеуі керек. Дайындаушы сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мақсаттар аясында пайдалану кезінде және осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерінің сақталуы бұйымның осы нұсқаулықта аталған қызметтік мерзімін айтарлықтай ұзартуы мүмкін екендігіне аудартады. Дайындаушы өзіне құрылымына және жиынтықтылауға бұйымның пайдаланушылық қасиетін нашарлатпайтын өзгерістерді енгізу құқығын қалдырады.

Құралдың қызметтік мерзімі 3 жылды құрайды.

11 ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Егер электр құралы істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Міндетті түрде авторландырылған сервистік орталыққа баруды ұсынамыз.

5 Кесте

| Мәселе | Ықтимал себеп | Жою |
|-------------------------------|---|--|
| Пеш іске қосылмайды. | Пеш резеткіге қосылмаған. | Желілік сымды резеткіден ажыратыңыз. 10 секундтай тосыңыз, осыдан кейін қайта қосыңыз. |
| | Шынжырды автоматты үзгіш іске қосылды немесе ерімтал сақтандырғыш жанып кетті | Автоматты үзгішті бастапқы қалыпқа келтіріңіз немесе сақтандырғышты ауыстырыңыз. |
| | Резеткі ақаулы. | Тексеру үшін резеткіге басқа құралды қосыңыз. |
| Дайындау процесі басталмайды. | Есікше берік жабылмайды. | Есікшені дұрыстап жабыңыз. |
| | Дайындау уақыты орнатылмаған. | Уақытты таймерді реттеуіштің көмегімен орнатыңыз. |

12 ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДЕМЕСІ

Сіздің назарыңызды барлық кепілдікті мерзімнің ішінде электр құралы келесі шарттардың сақталуы кезінде тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатын болатындығына аудартамыз:

Кепілдікті міндеттеме онда сатылған күні, сериялық нөмірі, сатушы ұйымның мөрі (мөртабаны), сатушының қолы көрсетілген дұрыс толтырылған кепілдік талоны болған кезде жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған кезде біз Сіздің аталған бұйымның сапасы бойынша наразылықтарыңыздан бас тартуға мәжбүр боламыз. Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін Сізден бұйыммен жұмысты бастауды алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысып шығуды өтінеміз.

Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуына аударамыз. Кепілдік шарттары иегердің үйінде мезгілдік техникалық қызмет көрсетуді қарастырмайды.

Осы кепілдікті шарттардың құқықтық негізі қолданыстағы Ресей Федерациясының заңнамасы, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералдық Заңның соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі болып табылады.

Бұйымның пайдаланудың кепілдікті мерзімі 12 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшек сауда желісі арқылы сатып алынған күннен бастап есептеледі. Біздің кепілдікті міндеттемелер тек кепілдікті мерзімнің ішінде анықталған және өндірістік технологиялық және конструктивтік ақаулармен шарттас, яғни компания-дайындаушы арқылы жол берілген ақауларға ғана таралады.

12.1 Кепілдікті міндеттемелер келесілерге таралады:

12.1.1 Келесінің нәтижесінде орын алған ақаулықтар:

- қолданушының пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ұйғарымдарын сақтамауы;
- сыртқы немесе кез келген басқа әсерлерден шақырылған механикалық бүлінулер;
- бұйымды тағайындалуы бойынша қолданбау;
- бұйымға жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желісі параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкессіздігі секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;
- аталған үлгінің технологиялық конструкциялары арқылы қарастырылмаған, өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдарын және косалқы бөлшектерді қолдану.

12.1.2 Ашуға, жөндеуге немесе түрлендіруге оларға уәкілетті емес тұлғалар арқылы ұшыраған бұйымдар.

12.1.3 Бұйымды лайықсыз сақтаудың немесе қараудың салдарында пайда болған ақаулықтар:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;
- қуат беру баусымының үзілулері мен кесіктері;

- сызаттар, жарықшақтар, корпустың, бұйымның пластик бөліктерінің күшті үйкелістері және т.б.

12.1.4 Бұйымның асқын жүктелуінің нәтижесінде пайда болған, құралдың істен шығуына әкеліп соқтырған ақаулықтар.

12.1.5 Сериялық нөмірі оқылмайтын бұйымға.

12.1.6 Мезгілдік ауыстыруға жататын шығын материалдары, алынбалы бөлшектер, тораптар, сонымен бірге электр құралымен жиынтықта жеткізілетін керек-жарақтар және толымдаушылар.

12.1.7 Асқын жүктелудің мінсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы немесе балқуы;

- сымдарды оқшаулағыштардың қарауы немесе бұрышталуы.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі. Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе **www.galaxy-tecs.ru**. сайтынан білуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

13 ӨЗГЕ АҚПАРАТ

Импорттаушы: «Союз» ЖШҚ

Мекен-жай: 432006, Ресей, Ульяновск қ., Локомотивная көш., 14

Дайындаушы: Нингбо Оксен Импорт энд Экспорт Ко., ЛТД

Мекен-жай: №157, 2313 бөлме, Ченмао Вест Рэуд, Чжунгонгмиао Стрит, Иньчжоу Дистрикт, Нингбо, Қытай
ҚХР жасалған

Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыс нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның топтамдағы реттік нөмірі.

